

Комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 жылғы 10 наурыздағы N 74-ө

1. 1992 жылғы 26 ақпандағы үкіметаралық келісімге сәйкес

құрылған қытай дүкендері желілерінің қызметін реттеу мақсатында ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Ведомствоаралық комиссия мына құрамда бекітілсін:

Коструба - Қазақстан Республикасы Сыртқы экономика.
Петр Иванович лық байланыстар министрінің орынбасары
(комиссия төрағасы)

Ыдырысова - Сыртқы экономикалық байланыстар министр.
Светлана Кәрімқызы лігінің Сыртқы экономикалық қызметті
реттеу басқармасы бастығының орынбасары

Лопатко - Қазақстан Республикасы Сыртқы экономика.
Ирина Владимировна лық байланыстар министрлігінің Экспорт
және импорт басқармасы бастығының
орынбасары

Уәлиева - Қазақстан Республикасы Сыртқы экономика.
Шәйжамал Жүнісқызы лық байланыстар министрлігінің Экспорт
және импорт басқармасының жетекші
экономисі (комиссия хатшысы)

Іңкарбаев - Қазақстан Республикасы Сауда министрінің
Дабыр Қамысбайұлы орынбасары

Құлмағамбетов - Қазақстан Республикасы Сауда министр.
Жұмахан Ақбашұлы лігінің сыртқы экономикалық байланыстар
бөлімінің бастығы

Марзилович - Қазақстан Республикасы Экономика министр.
Ольга Алексеевна лігінің тұтыну нарығы, сауда және қызмет

көрсету жиынтық бөлімінің бастығы

Колесников - "Казконтракт" корпорациясы Сыртқы
Александр экономикалық байланыстар қызметі басқар.
Александрович масы бастығының орынбасары

Ахметова - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Жанат Алтынбекқызы лицензиялау бөлімінің бастығы (келісім
бойынша)

3. Құрылған комиссияның негізгі міндеттері:

- осы аталған қытай дүкендерінің қызметін Үкімет келісімдерінің шарттарына сәйкес реттеу;

- олардың Қазақстан Республикасындағы өндірістік және өндірістік емес құрылымдармен өзара қарым-қатынасының бағыттары мен тәртібін анықтау;

- мүдделі ұйымдармен және жергілікті әкімдермен келісім бойынша өзара саудаға арналған тауарлардың көлемін, номенклатурасы мен индикативтік тізімін анықтау;

- Қазақстан экономикасына саудадан түскен ақшадай қаражат сомасын инвестициялау үшін объектілерді анықтау және Қытай Жағымен инвестициялар мен Қытайға апарылатын тауарлардың көлемін анықтап алу деп белгіленсін.

Премьер-министр